

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 наурыздағы N 155 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 қыркүйектегі N 854 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 754 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 наурыздағы N 155 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 8, 71-құжат) мынадай толықтырулар және өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесінде:

7 - т а р м а қ т а :

екінші абзац "жылжымалы" деген сөздің алдынан "бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда," деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзац "маневр жұмыстары" деген сөздердің алдынан "бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда" деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Порттар, әуежайлар саласында:

1) теңіз портының қызметтері:

теңіз портының күштерімен және құралдарымен орындалатын тиеу-түсіру ж ұ м ы с т а р ы ;

кейіннен порттан шығып жүк операцияларын жүргізу және/немесе өзге мақсаттар үшін кемнің теңіз портына кіргені үшін (кемнің кіруі) қызметтер;

2) әуежайлардың қызметтері:

Қазақстан Республикасының әуежайлары арқылы техникалық қонуларды жүзеге асыратын тұрақты емес авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, әуе кемесінің ұшуы мен қонуын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының әуежайлары арқылы техникалық қонуларды жүзеге асыратын тұрақты емес авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының әуежайлары арқылы техникалық қонуларды жүзеге асыратын тұрақты емес авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, қону әуежайында өңдеуге (тиеуге және/немесе түсіруге) жататын жүктер (почталар) болған жағдайда, жолаушылар тасымалдайтын әуе кемесіне қонғаннан кейін 3 сағаттан және жүк тасымалдайтын және жүк-жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелерінің сертификатталған үлгілері үшін 6 сағаттан астам тұрақ орнын беру ;

Қазақстан Республикасының әуежайлары арқылы техникалық қонуларды жүзеге асыратын тұрақты емес авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, әуе кемесіне базалық әуеайлақта тұрақ орнын беру."

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі